Ұ Й Ғ А Р Ы М

2026 жылғы 13 тамыз №2301-26-00-2/1887 Атырау қаласы

Атырау облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья Ж.Д.Сейсентаев, хатшылықта М.Қ.Шукакова болып, талап қоюшы өкілі И.А.Кусанованың, жауапкер өкілі У.У.Шаймахановтың қатысуымен, ашық сот отырысында талап қоюшы Жылыой ауданы мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Орталық стадион» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының жауапкер «BS Parts.kz» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы азаматтық ісін қарап,

анықтағаны:

Жылыой ауданы мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Орталық стадион» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі - талап қоюшы) сотта «BS Parts.kz» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне (бұдан әрі - жауапкер) талап қойып, оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұраған.

Талап қоюшы талап қою талабын жауапкердің тараптар арасында жасалған тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы №230340019955/260028/00 шарт (бұдан әрі - шарт) бойынша өзіне қабылдаған міндеттемелерді орындамауымен негіздеген.

Сот отырысында талап қоюшы өкілі И.А.Кусанова талап қоюды қолдап, талапты қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер өкілі У.У.Шаймаханов талап қоюымен келіспей, соттан мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танымауды сұрады.

Тараптардың түсініктемелерін тыңдап, азаматтық іс құжаттарын зерттеп, дәлелдемелерге баға беріп, сот, талап қоюшының мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы төменде келтірілген негіздер бойынша іс жүргізуі тоқтатылуға жатады деген тұжырымға келді.

Сот отырысы барысында жауапкердің шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын шартта және мемлекеттік сатып алу туралы заңнамада белгіленген мерзімде енгізбегені анықталды.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (әрі қарай - Заң) 17-бабының 5-тармағына сәйкес егер жеңімпаз деп танылған әлеуетті өнім беруші мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында белгіленген мерзімдерде тапсырыс берушіге қол қойылған шартты ұсынбаса немесе шартты жасасып, шартты орындауды қамтамасыз етуді және (немесе) демпингке қарсы соманы (бар болса) енгізбесе, онда мұндай әлеуетті өнім беруші шарт жасасудан жалтарған болып танылады.

Құжатқа қол қойылған: Сейсентаев Ж. Д., 13.08.2026

Заңның 8-бабы 4-тармағының 2-тармақшасына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі жеңімпаз деп айқындалған, шарт жасасудан жалтарған әлеуетті өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы баптың 4-тармағы бірінші бөлігінің 2) тармақшасында көзделген мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімін уәкілетті орган тапсырыс берушінің әлеуетті өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы шешімі негізінде қалыптастырады.

Анықталғандар негізінде, жауапкердің мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудан жалтаруына байланысты оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізу туралы мәселе уәкілетті органның құзыретіне жатады. Осыған байланысты талап қоюшы аталған талаппен уәкілетті органға жүгінуі тиіс.

Демек, осы талап бөлігі бойынша азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен қарауға жатпайды.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (әрі қарай - АПК) 277-бабының 1) тармақшасына сәйкес, іс азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен қарауға жатпаса, сот іс жүргізуді тоқтатады.

АПК-тің 278-бабының 2-тармақшасында іс бойынша іс жүргізу тоқтатылған жағдайда сол тараптар арасындағы дау бойынша, сол нысана туралы және сол негіздер бойынша екінші рет сотқа жүгінуге жол берілмейтіндігі көзделген.

Осыған байланысты Жылыой ауданы мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Орталық стадион» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының «BS Parts.kz» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы бойынша іс жүргізу тоқтатылуға жатады.

АПК-тің 277, 278, 268-269-баптарын басшылыққа алып, сот

ұйғарым етті:

Жылыой ауданы мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Орталық стадион» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының жауапкер «BS Parts.kz» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюымен қозғалған азаматтық іс бойынша іс жүргізуі тоқтатылсын.

Сол тараптар арасындағы дау бойынша, сол нысана туралы және сол негіздер бойынша екінші рет сотқа жүгінуге жол берілмейді.

Ұйғарымға жеке шағым, прокурордың өтінішхаты Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 429-бабының талаптарын сақтай отырып Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы ұйғарым түпкілікті нысанда дайындалған күннен бастап он жұмыс күні ішінде берілуі мүмкін.

Құжатқа қол қойылған: Сейсентаев Ж. Д., 13.08.2026